

Жалпы мемлекеттік пайдаланыстағы жүйеге арналған байланыс жабдықтарына кеден бажының ставкаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 19 маусым N 841. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Мемлекеттік телекоммуникациялар жүйесін кешенді жанарту мен жалпы пайдаланыстағы жүйе абоненттері үшін көрсетілетін байланыс қызметіне арналған тарифтер деңгейінің тұрақтылығын сақтап қалу үшін және "Қазақстан Республикасының импортталатын тауарларға кеден тарифі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 11 қаңтардағы N 1498 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-і, 1994 ж., N 2, 14-бап) 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Импортталатын байланыс аппаратурасына, коммутациялық автоматты телефон станцияларына, сым, радиореле және жер серігінің байланыс жүйесіне арналған жабдықтарға, радиобайланыс пен радиобабырын таратудың қабылдау-тарату құрылғысы, жалпы пайдаланылатын мемлекеттік жүйенің объектілерінде орнатуға арналған телефон және телеграф аппараттарына (тауарлардың ТН СЭҚ бойынша коды 8517) кеден тарифі 0 процент мөлшерінде белгіленсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрінің

бірінші орынбасары